

Сабақты зерттеу - іс-тәжірибедегі өзгерістерді басқару тәсілі

Баймолдина Салтанат Токеновна
Өскемен қаласы әкімдігінің «№27 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ойлау оңай, әрекет қиын, ал ойды әрекетке айналдыру ең қиын нәрсе
И. Гете.

Динамика мен өзгерістерге толы бүгінгі күні әр педагогтың негізгі мақсаты - өз кәсіби деңгейін үнемі дамытып отыру. Біздің іс-тәжірибеде сабақтарымызды қалай дамытамыз, жақсартып аламыз? Олардың қай жағын жақсартымыз? Қандай жолдармен жақсартымыз? деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға жауапты біз екі түрлі тұрғыдан қарастырдық:

1) Басқа мұғалімдермен бірлесу арқылы: сабақтарымызды: а) жоспарлау, ә) бақылау, б) талқылау мен қорытынды жасаудың негізінде.

2) Оқушы пікірін ескеру арқылы: а) оқушылармен сұхбаттасу, олардың мүдделерін, ой-пікірін, қалаусұраныстарын білу, ә) сабақта оқушылардың үйрену және қарым-қатынас әрекеттерін бақылау арқылы.

Осы екі әрекетті де қамтитын бірден бір құрал - Сабақты зерттеу (немесе Lesson Study) әдісі. Сабақты зерттеу әдісі (Lesson Study) мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді амалы екендігі барша педагогикалық жұртшылыққа мәлім.

Бұл жаңашыл бағыт - мұғалімдер тәжірибесінде білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл болып табылады. Ең маңыздысы мұғалімнің зерттеу қабілеті жетіледі. «Сабақты зерттеу» әдісіне жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Сабақты зерттеу - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес. Lesson Study- мұғалімдерді оқыту мен тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық және білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл сабақты зерттеу нысандарының бірі болып табылады және мұғалімнің практикалық білімінің дамуына бағытталған іс-әрекеттегі зерттеудің жоғары түрі. Зерттеу сабақтарынан кейін мұғалімдер өздерінің педагогикалық әдістерін жаңартады, өзгертеді. Яғни бұл- кәсіби біліктілікті жетілдіретін технология.

«Сабақ үрдісінде қолданылатын әдіс- тәсілдер оқушылардың жағымды уәждемелерін арттыру тәсілі» тақырыбы бойынша 6 «а» сыныбында

Lesson Study жүргізуді жоспарладық.

Біздің мектебімізде Lesson Study мынандай қадамдардан тұрды:

1) Алдымен Lesson Study тобын құрып алдық. Топ құрамында 6 мұғалімнен болды. Олардың біреуі сабақ жүргізуші, қалғандары бақылаушы болады.

2) Lesson Study-дің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындадық.

3) Сабақты жоспарлау. Lesson Study тобының алғашқы бас қосуында сабақ өткізетін пән мұғалімі өткізгелі жатқан сабақтың жоспарымен таныстырады.

4) Қолданылатын құралдар мен оқушыларға таңдау жасадық. Оқушылармен жүргізілетін сауалнамада кесте ме, сұхбат және т.б. түрлерін қолданды.

Мұғалімдер оқушыларды бақылауда түрлі кестелер құрастырып, оларға мынандай критерийлерді енгізді: басқа пікірлермен санасуы, өзіндік пікірлер келтіруі, сұрақтар қоюы, сұрақтарға жауап беруі, топтағы рөлін орындауы, басқаларға көмектесуі, басқалармен тіл табыса білуі, т.б. Оқушының әр әрекеті бойынша бақылаушы өз пікірін келтіріп, соңында шәкірттің жұмысы бойынша мынандай қорытынды жасады: 1) оқушы сабақта қалай оқыды (әрекет жасады) және оның деңгейі қандай; 2) оның жұмысын жақсарту жолдары туралы өз ойын келтіреді.

Осылайша әр мұғалім бақылау арқылы бүкіл сыныптың қалай жұмыс жасағанын, оқығанын, сабақтың мықты жақтары мен түзетуді/жақсартуды қажет ететін тұстарын айқындап отырды. Мұнда мақсат біреу: қайткенде тәжірибедемізді (практикамызды) жақсартып аламыз?!

5) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу. Lesson Study тобының мүшелері таңдап алған оқушылардан (А, В немесе С деңгейіндегі) интервью алып, оны сұхбат парақтарына жазып алып отырды. Оқушыларға олардың пікірі сабаққа өзгерістер енгізу үшін қажет екендігі және де олардың құпия болатындығы туралы айтылды. Бұл «Оқушы үнін ескеру» десек болады. Дәп осылай біз де оқушының білім алу, оқу мен үйрену барысындағы мұң-мұқтажын, қалауы мен тапсырысын, мүддесін білуіміз керек, оқыту мен үйретуді соларға бейімдеуіміз керек. Оқушыдан сабаққа дейін және кейін интервью алудың осындай ұлы мақсаты бар.

Сабаққа дейін оқушыларға мынандай сұрақтар қойылды:

- Алдағы сабақтан не күтесіз? Не білгіңіз келеді?
- Осы тақырыптың ең басты ұғымдары қандай деп ойлайсыз?
- Сіз кіммен бір топта отырғыңыз келеді? Сізге сыныпта кім жақсы көмектеседі?
- Мұғалім болсаңыз, бұл сабақты қалай өткізер едіңіз? және т.б

б) Сабақты талқылау. Сабақты талқылауда мұғалімдер өз ойларын ортаға салды. Талдау барысында алдымен сабақтың сәтті шыққан тұстары мен олардың себептері анықталады. Осыдан соң сабақта «жүзеге асырылмаған», «қол жетпеген» сәттер талқыланып, олардың себептері анықталады. Талқылау қорытындысы сабақ жоспары болып табылады.

Сабақ өткен соң сабақты талқылау керек. Онда мынадай мәселелер бойынша мынадай ой-толғау болу керек деп ойлаймын:

- Келіскен стратегиялар сабақ барысында нәтиже берді ме?
- Сіздің пікіріңізше, сабақ жақсы өтті ме? Неге?
- Біздің неге қол жеткізгіміз келеді?
- Біз оқушыларды неге үйреткіміз келеді?
- Жоспар сізге қаншалықты көмектесті?
- Не жоспардан тыс өтті? Неге?
- Сіздің көңіліңіз толмаған нәрсе? Неге?
- Сіз нені өзгертер едіңіз? Неге?

7) Сабақтан кейін оқушылардан алынған сұхбат.

Мысалы:

- Сабақтың қай жерлері ұнады? 2 жерін атаңызшы.
- Сабақтың ең қиын болған жерлері қандай болды? 2 мысал келтіріңіз.
- Бүгінгі үйренгеніңіз сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? Неліктен? 3 дәлел келтіріңізші.
- Топта қандай әрекеттер атқардыңыз?
- Топта сізге ең көп көмектескен кім болды? Қалай көмектесті? 3 дәлел келтіріңізші.
- Сіз топта кімге көмек көрсеттіңіз? Қалай? 3 дәлел келтіріңізші.
- Өз жұмысыңызға қанағаттанасыз ба? Неліктен?
- Сабаққа қандай өзгерістер енгізер едіңіз? Неліктен? 2 дәлел келтіріңізші.

Бұл жоспар Lesson Study тобының үш отырысының, оқушылармен өткізген екі сұхбат, сабақта оқушыларды бақылау нәтижесі ретінде танылады. Әрине, бір Lesson Study сабағы нәтижесінде «Сабақ үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың уәждемелерін арттыру тәсілі» деген тақырыпты шешу қиындау болғандықтан, 4 Lesson

Study сабағын өткізуі керек болды.

Lesson Study сабақтары осылайша жалғаса береді: проблема - Lesson Study сабағы – сабақ беру практикасына өзгерістер енгізу.

Бүгінде Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу мәселесі ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда осыларды дерек ретінде қолданып, сабақты жақсартуға қолданады. Біздің жұмысымыз осылайша мынандай айналым аумағында жалғаса береді: «мәселені айқындау – мәселенің теориясы мен шешу жолдарын айқындау – бірлесе жоспарлау – өзара сабаққа қатысу – сабақты талдау – сабақ жоспарын жақсарту». Мұғалімдердің кәсіби әрекеттері «Бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылады. Осы себепті де біздің мектеп өз жұмысын Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтарына негіздей бастаған. Мұндай жұмыс мұғалімдердің сабаққа дайындалу және сабақты бақылау мәдениетінің өзгеруіне алып келетіндігі даусыз.

1. Lesson study – дің басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу, топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету

2. Lesson study – дің ерекшеліктері. Жеке оқушылардың қажеттіліктеріне қарап оқыту. Мұғалімдермен біріге отырып жұмыс істеу.

Оқу жылының аяғында LS топтарының жұмыс нәтижелері айқындалды. Мысалы, солардың бірі ретінде LS тобының портфолиосын атауға болады. Портфолиода сабақ жоспарлары (әр сабақтың алғашқы жоспары мен оның өзгертілген, жақсартылған нұсқалары: бұл оларды салыстыру мүмкіндігін береді), бақылау мен интервью парақтары, сабақты талқылаудың хаттамасы, оқушылардың сабақтағы жазбаша жұмыс үлгілері, фотосуреттер, видеожазбалар, теориялық материалдар мен ресурстар, коучингтердің жоспарлары, оқушылардың сабаққа берген кері байланысы мен сабақ туралы рефлексиясы, қатысушылардың жазбаша пікірлері, т.б. салынған.

Lesson study тиімділігі:

а) оқушының білім алудағы өзгерісінің дәлелін әртүрлі қырларынан көруге;

ә) мұғалімнің пікірі бойынша оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

б) мұғалім-оқытудың нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес етіп сабақты қалай жоспарлау керектігін түсінеді;

в) Тапсырмалар мектеп пен сыныптың қажеттілігіне қарай жасалады.

Lesson Study тәсілі кәсіби дамудың тиімді тәсілі, мұғалімнің кәсіби қоғамдастығын құру болып табылады, бұл үдерісті жеделдетуге көмектеседі. Оқушының терең ойлануына, оқушыны тыңдау керектігін, не ойлағанын тыңдай білуге бағытталуы

керек. Демек, бұл тәсілдің оқыту мен оқуда ілгерлеушілік болдыра алатындай екендігіне ешқандай күмәніміз жоқ екенін растаймыз.